



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-07-23

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТАРЫУ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗЛДІ
2. Өзірлеген - Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Оралова З.М.
3. Келісілді - Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Байнебаева П.Т.
- Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы Суттибаева А.А.
4. Университеттің Фылыми кеңесінің 29 11 2023 №5 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2023
6. Тексерілу мерзімі – 2025

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2023

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС		УЕ-07-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру		6 беттің 2-беті

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже «Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС-де білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру іс-әрекеттерінде қолдануға және басшылыққа алуға арналған.

1.2 Осы Ереже университеттің білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын факультеттерде, кафедраларда, басқа да тиісті құрылымдық бөлімдерде міндетті түрде енгізілуі және орындалуы керек.

2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

Ережені даярлау барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар пайдаланылды:

- Қазақстан Республикасының 2007.07.27 № 319-III "Білім туралы" Заны (2023 ж. 10 қыркүйекте өзгерістер мен толықтырулар енгізілді);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді.

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытуудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (2023 жылғы 25 шілдеде өзгерістер мен толықтыруларымен).

3 ЕРЕЖЕ МАЗМҰНЫ

3.1 Білім алушының өзіндік жұмысының тапсырмаларына және ұйымдастырылуына қойылатын талаптар

3.1.1 Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан құнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады.

3.1.2 Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ) - жеке кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӨЖ) болып бөлінеді.

3.1.3 ОБӨЖ білім алушылардың оқытушымен байланыстырылығы дәрісханадан тыс жұмыс түрі болып табылады. ОБӨЖ оқу сабактарының жалпы кестесіне кірмей, жеке кесте ойынша орындалады

3.1.4 Білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру оқу процесін ұйымдастырудың басқа да түрлерімен өзара байланысын көздейді, атап айтқанда:

- пән тақырыптарын менгерудегі білім алушының өзіндік жұмысы орнының айқындалуы;
- дәрістік және тәжірибелік сабактардың білім алушының өзіндік жұмысына бағытталуы;
- білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру түрінің, әдіс-тәсілдерінің тандалуы;
- білім алушыларға өзіндік жұмыс тапсырамаларын орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтардың жасалуы;
- білім алушының өзіндік жұмысын сабактардың басқа түрлерімен үйлестірілуі.

3.1.5 Білім алушылар өзіндік жұмысты ұйымдастыру тәртібін, нормалары мен талаптарын білуі тиіс.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС	УЕ-07-23
Сапа менеджменті жүйесі	2-нұсқа
Білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру	6 беттің 3-беті

3.1.6 Өзіндік жұмыс барысында білім алушы оку үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде еркін түрде сынни және креативті ойлау, өзінің пікірін дәлелдеп қорғау дағдыларына ие болады.

3.1.7 Өзіндік жұмыс түрлері, олардың формалары мен бақылау мерзімдері әр пәннің силлабусында көрсетіледі.

3.1.8 БӘЖ түрлері мен формаларының мысалдары:

1) Реферат – әдебиеттерге міндетті түрде шолу жасай отырып, мәселені жазбаша мазмұндау немесе ғылыми жұмыстың, кітаптің мазмұнын талдай отырып баяндау.

2) Коллоквиум – оку материалын меңгеру сапасын анықтау мақсатымен пәннің оқылған тақырыптары бойынша сұхбаттасу түрінде өткізілетін білім алушының өзіндік жұмысын бақылау формасы.

3) Эссе – сын, публицистика және сол сияқты т.б. жанрдағы өзекті мәселе бойынша өзінің жеке көзқарасының жазбаша түрдегі мазмұндамасы.

4) Презентация – белгіленген мәселе бойынша негізгі қағидаларды слайд, бейнеролик және т.б материалдар арқылы көрсете отырып жасайтын ауызша баяндама.

5) Жағдаяттық тапсырма – әртүрлі жағдайлардың сипаттамасы мен оларға байланысты тапсырмалар тізімдемесі.

6) Іскерлік ойындар – білім алушының болашақ кәсіби қызметтіне байланысты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған және алдын-ала дайындық пен өз бетінше аяқтауды талап ететін кез-келген процестің имитациясы.

7) Топтық жоба – 3-5 білім алушыдан тұратын топтың жоба жасауына арналған тапсырма.

8) Жеке жоба – дайындық деңгейі жоғары білім алушылар үшін өзекті тақырып бойынша зерттеу жобасын өзірлеуге арналған тапсырма.

9) Глоссарий (тізбек сөздер) – берілген тақырып бойынша терминдер мен түсініктердің қысқаша анықтамасы.

3.1.9 Әр пән бойынша өзіндік жұмыс түрлері мен формалары пәннің ерекшелігіне, мақсат-міндеттеріне, құрделілігі мен өзектілігіне, білім алушылардың дайындық деңгейіне, пәннің еңбек сыйымдылығына қарай анықталады.

3.1.10 Білім алушының өзіндік жұмысының технологиялық элементтері ретінде өзіндік жұмысты жоспарлау мен ұйымдастыру, оның орындалуын бағалау мен бақылау, БӘЖ-ді талдау мен жетілдіру болып табылады.

3.1.11 Қашықтықтан оқыту форматында БӘЖ/ОБӘЖ тапсырмаларының ауызша, жазбаша түрлерін өткізу процедурасы:

- Ауызша, шығармашылық тапсырмаларын орындау Zoom, Webex Meetings платформалары арқылы өткізіледі.

- Жазбаша тапсырмаларын орындау «Platonus» ААЖ арқылы өткізіледі.

- Білім алушының өзіндік жұмысы тапсырмаларының электронды нұсқасы университеттің «Платонус» ААЖ-гі ОӘК боліміне енгізіледі.

3.2 Білім алушының өзіндік жұмысын үйлестіру

3.2.1 БӘЖ факультет, кафедра, әр оқытуши сәйкес келетін оку-әдістемелік құжаттарды жасау арқылы жоспарлайды.

3.2.2 БӘЖ деканат, кафедра және осы академиялық топта сабак беретін оқытуши үйлестіріп отырады.

3.2.3 Деканат аудиториялық қорды ескере отырып, ОБӘЖ және оқытушылардың кеңес беру кестелерінің оңтайтының қамтамасыз етеді, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімін бақылап отырады.

3.2.4 Кафедра:

- кредиттің анықтамасына сәйкес дәріс, практикалық және зертханалық сабактар мен БӘЖ арасындағы оптимальды қатынастың анықталуын;

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС	УЕ-07-23
Сапа менеджменті жүйесі	2-нұсқа
Білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру	6 беттің 4-беті

- дәріс, практикалық, зертханалық сабактар мен БӨЖ мазмұны және көлемінің құрылымдануын;

- білім алушылардың әр тақырып бойынша білімін бағалау критерийлерінің құрастырылуын;

- оқу жұмыс жоспарында бекітілген көлемдегі пәннің оқу жұмыс бағдарламасының орындалуын қамтамасыз етеді

3.2.5 Оқытушы:

- БӨЖ ұйымдастырылуы бойынша әдістемелік материалдардың және әдебиеттер көздері бойынша ұсыныстардың жасалуын;

- тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптардың, әр БӨЖ тапсырмасы бойынша бақылау мерзімдері мен түрлерінің, бағалау көрсеткіштерінің жасалуын;

- білім алушарды өзіндік жұмысының, оның ішінде тапсырмалардың түрлері мен курделілік деңгейі бойынша дифференциациялануын қамтамасыз етеді.

3.2.6 Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудагы оқытушының негізгі міндеті:

- білім алушының оқу, ғылыми-зерттеу, практикалық жұмыстарын өз бетінше атқару дағыларының қалыптасуына жағдай жасау;

- білім алушылардың кәсіби, ғылыми және тәжірибелік қызығушылығын дамытуға мүмкіндік туғызу;

- болашақ мамандардың кәсіби маңызды қабілеттері, білімдері мен дағыларының қалыптасуына себепкер болу;

- білім алушылардың тұлғалық шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау.

3.2.7 Өзіндік жұмыстың мазмұнына қойылатын талаптар:

- тапсырманы немесе ұжымдық жұмыстың бір бөлігін білім алушы жеке өз бетімен орындау керек;

- белгілі тақырып немесе оның бір бөлігі бойынша өзекте мәселелер талқыланып шешімі шығарылатын толығымен аяқталған жұмыс (немесе бір сатысы) болып табылу керек;

- қарастырылып отырған мәселені шешудегі автордың құзыреттілігін көрсете білу керек;

- оқу, ғылыми және/немесе практикалық бағдар мен маңыздылыққа ие болу керек;

- белгілі бір ғылыми жаңалық элементтері (егер де ол ғылыми-зерттеу еңбек болса) болу керек.

3.2.8 Білім алушының өзіндік жұмысын қабылдап бағалау кезінде қойылатын шарттарды міндетті түрде көрсету керек, яғни:

- қойылған мақсат-міндеттерге сәйкес тақырыбы көрсетілген жұмыс мазмұнының толықтығы мен терендігі бағаланады;

- әдеби дереккөздерге шолу жасау дәрежесі бағаланады;

- жұмысты орындаудағы дербестілік дәрежесі бағаланады;

- материалды нақтылығы мен сауаттылығы бағаланады;

- жұмыстың қорытындысы мен талдау дәрежесі бағаланады;

- пәннің теориялық мәселелерін қорытындылау қабілеті бағаланады;

- тапсырманы рәсімдеудегі техникалық талаптардың сақталуы бағаланады;

- қорғау кезіндегі жауаптың толықтығы бағаланады;

- қосымша сұрақтарға берген жауабы бағаланады;

- өз көзқарасын дәйектей алуы бағаланады және т.б.

3.2.9 Әр БӨЖ тапсырмасы оқытушының белгілеген балы бойынша бағаланады.

3.2.10 БӨЖ-ді орындау мен ұйымдастырудың барлық түрі кеңес беру, аралық бақылау есептері, оқытушының БӨЖ тапсырмаларын қабылдау және т.б. кестелердің, жеке пәндер бойынша БӨЖ бақылау журналдарының болуын талап етеді.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС	УЕ-07-23
Сапа менеджменті жүйесі	2-нұсқа
Білім алушының өзіндік жұмысын үйімдастыру	6 беттің 5-беті

3.3 Білім алушының өзіндік жұмысының тапсырмаларын дайындау, келісілу және бекітілу тәртібі

3.3.1 БӘЖ тапсырмалары факультет деканы бекіткен пәннің оку жұмыс бағдарламасы (Syllabus) негізінде дайындалады.

3.3.2 БӘЖ тапсырмаларын кафедраның пән оқытушысы дайындауды, кафедра мәжілісінде талқыланады.

3.3.3 БӘЖ тапсырмалары кафедрада пәннің оку-әдістемелік кешенінде сақталады.

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК

БӘЖ тапсырмаларының мазмұнына және талаптардың орындалуына оны дайындаған пән оқытушы-профессор, кафедра менгерушісі жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

Оку-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор

Байнеева П.Т.

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы

Суттибаева А.А.

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университет» ЖШС	УЕ-07-23
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі
Білім алушының өзіндік жұмысын үйімдастыру	6 беттің 6-беті

ТАНЫСУ ПАРАФЫ